



Yunus Emre Enstitüsü

SİMPOZİUMUN MATERIALLARI

III BEYNƏLXALQ TÜRK DÜNYASI ARAŞDIRMALARI SİMPOZİUMU


III. ULUSLARARASI TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI SEMPOZYUMU

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ СИМПОЗИУМЫ

III ХАЛЫК-АРА ТӨРКИ ДОНЪЯҲЫН ӨЙРӘНЕҮГӘ АРНАЛҒАН СИМПОЗИУМ

III- ЭЛ АРАЛЫК ТҮРК ДҮЙНӨСҮ ИЗИЛДӨӨЛӨРҮ СИМПОЗИУМУ

25-27 May 2016 Bakı



CİLD II

Ümit KILIÇ	Türk-İslâm Medeniyetinde Vakıflar <i>Foundations in the Turkish-Islamic Civilization</i>	439-444
Ümit POLAT	Türk Kültür Coğrafyasında İsmail Gaspıralı'nın Açtığı Cedid Mekteplerinde Okutulan Hoca-ı Sibyan Eserinin Günümtüz Eğitim ve Öğretim Anlayışına İzdüşümü Üzerine Bir Araştırma <i>A Study on the Projection of Hoca-I Sibyan Instructed in Cedid Schools Opened by Ismail Gaspırali in Turkish Cultural Geography on Today's Educational and Instructional Concept</i>	445-448
Yasin QARAMƏMMƏDLI	Bədii Xarakterin Qadir Qəhrəman Konsepsiyası və "Koroğlu" Dastanı <i>Capable Hero Concept of Artistic Character and Koroglu Epos</i>	449-452
Yaşar PEKTANC	Ümum Türk Klassiklərinin Şəxsiyyətin Mənəvi İnkişafı Haqqında Görüşləri <i>Views Turkic Classics on The Development of Moral Person</i>	453-456
Yılmaz UZUN	Kök Türk Alfabeli Eski Türk Yazıtlarından Türklerin Yaşam Tarzı Üzerine Çıkarımlar	457-460
Fatih YÜCEL	<i>Implications on Lifestyles of Ancient Turks from Ancient Kok-Turk Alphabet Turkish Inscriptions</i>	
A. A. КӨШЕКОВА	Қаһармандық Эпостағы Батыр Бейнесі	461-464
К. С. ӘБДІҚАЛЫҚ	<i>Batyr Image in Heroic Epos</i>	
Қ. А. БЕКБЕНБЕТОВА		
С. Ж. СҮЙІНДІКОВА		
А. М. РАХИМОВА	Қазақ Болмысындағы Гендерлік Интеллект	465-472
Ж. Е. ЧАППАЕВА	<i>The Intelligence of Gender in the Kazakh Personalities</i>	
А. Т. ҚАИПБАЕВА	Ұлы Жібек Жолы: Қалыптасуы Мен Ортағасырлық Тарихи Маңызы	473-476
А. А. НУРМУХАМБЕТОВ	<i>The Great Silk Way: Formation and Medieval Historical Importance</i>	
Ақмарал	Талас Жазбалары Мен Дін	477-482
ҚҰРМАНӘЛИЕВА	<i>Controversy and Religion</i>	
Б. С. САРБАСОВ	Түркі Ескерткіштеріндегі Космогониялық Мифтер	483-486
Қ. Т. ЖАНҰЗАҚОВА	<i>Myths of Cosmogony in the Turkish Monuments</i>	
Г. Н. СМАГҰЛОВА	Фразеологизмдердегі Этнос Мәдениеті	487-490
	<i>Ethnic Culture in Phraseologism</i>	
Г. Р. БАХТИЯРОВА	Қазақ Халқы Дәстүрлі Педагогикалық Мәдениетінің Қалыптасу Жолының Көне Түркілер Әлемімен Байланысы	491-496
	<i>Connect with Ancient Turkish World of Formation Way of Kazakh People Traditional Pedagogical Culture</i>	
Г. У. РЫСКУЛОВА	'Манас' Эпосундағы Баланы Тәрбиялоо Идеялары	497-502
	<i>The Idea of Bringing up the Boy at the Epic 'Manas'</i>	

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ЭТНОС МӘДЕНИЕТІ

Prof. Г. Н. СМАГУЛОВА*

Аннотация: Мақалада этнос мәдениетінің фразеологизмдердегі сипаты талданады. Адамзат мәдениеті, оның әлеуметтік ерекшеліктері және ойлау өрісі тілден тыс өмір сүрмейді. Әр халықтың мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасап келе жатқан тілінен көрінеді. Этностың өмір сүруі барлық болмысы оның тілінде сақталады. Тіл мәдениеттің барлық саласының даму ерекшеліктерін бойында сақтайды, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Фразеологизмдер әр халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасы мен ұлттық мәдениетінен хабарлар етеді. Фразеологизмдердің қалыптасу уәжділігін тілдік фактілерді этнолингвистикалық талдау арқылы анықтауға болады.

Кілт Сөздер. Этнос, мәдениет, фразеологизмдер, мотивация, этнолингвистика

Ethnic Culture in Phraseologism

Abstract: The article examines the kinds of ethnic culture in phraseologisms. Human culture, its social function and thinking does not exist beyond the language. For many centuries the cultural characteristics of each nation, can see from its language. The existence of ethnic groups, all realities are in its language. Language preserves all the features of the development of culture, delivered from generation to generation. Phraseology gives information about customs and traditions, national culture and consciousness of each nation. Cognitive formation of phraseologies can be determined by ethno linguistic analyzing of linguistic factors.

Keywords: Ethnicity, culture, idioms, motivation, ethno linguistics.

Адамзат өркениетіне белгілі бір деңгейде үлес қосқан Қазақстан жерін мекендеген халықтардың да еңбегі айтарлықтай. Көшпелілер мәдениетін жетілдіруде баспана (киіз үй), ат әбзелдерін жасау өнерін, кілем тоқуды, бағалы металдар мен асыл тастардан әсемдік бұйымдарын жасау т.б сияқты зергерлік және қолөнер түрлерін дамытқан. Қазақстандық археологтардың ізденісі мен ғылыми жетістіктерінің нәтижесінде түркілердің арғы бабалары сақтар мен ғұндардың мәдени жетістіктері Есік және Аралтөбе қорымдарынан табылған «Алтын адам» ескерткіштері, Шығыс Қазақстандағы Берел мен Шілікті қорғанынан табылған алтын әшекейлердің сан түрлі формадағы ерекше суреттілік дүниежүзі археологтары мен мәдениеттанушыларының назарына аударғаны.

Қазақ мәдениетінің дамуына баспалдақ болған Жібек жолындағы Отырар, Тараз, Саудакент, Құлан, Қойлық, Талхиз, Алмалық т.б. қалалар түркілер мәдениетіне ортақ мұра ретінде танылады. Қоғамдағы адам – мәдениетті тудырушы, әрі тұтынушы. Сондықтан мәдениет, ең алдымен, адам әлемі. Мәдениетте адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі көрініс табады. Бұл ретте, қазақтар материалдық мәдениетпен қатар, рухани мәдениет үлгілері ретінде халқымыздың бай ауыз әдебиетін қалыптастырып, ұрпақтарына мұра етіп қалдырған.

Адамзат мәдениеті, оның әлеуметтік мінез-құлқы және ойлау өрісі тілден тыс өмір сүрмейді. Әр халықтың мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасап келе жатқан тілінен көрінеді. Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Жалпы, тіл – мәдениеттің барлық саласының дамуына дәнекер. Адамзат қоғамы тілдің осы қасиеті арқылы ілгерілеген.

Тіл - этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының өзегі. Ол тек дыбыс пен таңбаның бірлігі емес, ең маңыздысы - мәдени сабақтастықтың құралы. Ұлттың барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырылуы, тілдің басты - жинақтағыштық (кумулятивтік) қасиетіне байланысты.

* Әл-Фараби Атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, smagulova.g@mail.ru

«Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық жазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жазылған тас ескерткіштер арқылы да жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі - этнос басып өткен өмірдің мың да бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады. Этнос туралы шексіз мағлұматтар мен деректер тек тіл бойында ғана сақтала алады», - дейді академик Ә.Қайдар [1;б.13].

Фразеологизмдер әр халықтың дүниестаным, әдет-ғұрпы, салт-санасы мен ұлттық мәдениетінен хабардар етеді. Сондықтан фразеологизмдердің қалыптасу уәжілігін анықтауда тілдік фактілерді халықтың рухани, әрі заттық мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниестанымна байланыста зерттеуді мақсат ететін тіл білімінің жаңа да құнарлы саласы – этнолингвистиканың рөлі ерекше құнды.

Жаугершілік пен соғыс әлем халықтарының өмір сүру, тіршілік ету мәдениетінің бір көрінісі. Соғыс, жорық кездеріндегі жеңіс пен жеңілісті суреттейтін «есесін жібермеу», «кегін алу» деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес – «**Жастығын ала жату**». Бұл тұрақты тіркестің жасалуына арқау болған образдың түп негізінде XIII ғ. дейінгі көшпелілер әлеміндегі адамды жерлеу рәсімі жатыр. «Ерте кездердегі монғолдарда бай адам өлсе, оның аяғына жастық етіп сүйікті құлын, ал жаугершілік қолбасы қаза тапса, оның ерлікпен өлген қарсыласын, я болмаса, сол ұрыста қаза тапқан үзеңгілес жолдасын қолбасының басына жастап бірге жерлейтін салт болғандығын айтады. Ал бұл салт монғолдың тарихи-әдеби мұраларының бірі «Чингисийн гадич» - те («Шыңғыстың өмірбаянында») көрініс тапқан. Онда Мөнд өрлүг деген адам Тайисун ханның бас-аяғына жастық етіп бірге көмгендігі жайлы айтылады» - дейді монғол ғалымы Ш.Гаадамба [2;б.127].

Бұл туралы Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында монғол халқының өздерінің бекзадаларын жерлеуде қабірге өлген сұлтанымен бірге бекзаданың құлын салу дәстүрі болғандығы туралы айтылады.

Демек, бұл деректерге сүйенсек, қазір тілімізде «есесін жібермеу», «кегін алу» мәнін беретін тұрақты тіркестің негізі адамды жерлеу рәсімімен байланысты болса керек.

Археолог Владимирцовтың қазбаларында түркі нәсілдестерге ұқсас жерленгендердің бассыз көмілетіндегі кездеседі. Монғолдар баспен жерлесе кейінгі тірі жүргендерге зияны тиеді деген сеніммен жауынгердің басын шауып тастап жерлеген. [3;б.14]. Бұл «өлтірді, өлім жазасын берді, өлім жазасына ұшырады» деген мағынада қолданылатын «**басын алу**» тұрақты тіркесіне негіз болса керек.

Сонымен қатар тіліміздегі «өлтірді» мағынасында қолданылатын **қанын ұртау (ішу)** тұрақты тіркесі де кең таралған.

«Қанын ішу» тұрақты тіркесінің қалыптасуы туралы деректерге сүйенуге тура келеді. Мысалы, М.Иваниннің «Шыңғысхан мен Темірдің кезіндегі соғыс өнері туралы» деген еңбегінде, кезінде монғолдар жорыққа аттанғанда, қарудан басқа өздерімен бірге бірі суға, бірі құртқа арналған екі торсық алған. Бұл құртпен олар қатты жүріс кезінде тамақ жалғаған. Мүмкіндік болған сәттерде ет пісіріп жеген. Ал енді құрт немесе басқа азық болмаған жағдайда, олар аттың қанын ағызып, соны ішкен. [4;б.47]. Бұл тәсілмен он күн шамасында шыдауға болады екен. Осы уәжілік кейін ауыспалы мағынада қанын ішу тұрақты тіркесіне айналған.

Қазақ тілінде әскери атаулар қатысқан сан алуан мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер бар. Соның бірі халықтық өлшемдерге байланысты өте жақын қашықтықты білдіретін «**оқ атым жер**» деген тіркес бар. Ал *өлімге басын тікті, ажалға нысана етті* мағынада «**оққа байлау**», серттесу мағынасында «**оқ тістесу**» сияқты тұрақты тіркестер кездеседі.

Оқ-ертеден бері қолданылып келе жатқан байырғы сөздердің бірі. Бұл сөз көне түрік жазба ескерткіштерінде VIII ғасырдан бастап ұшырайды. Оқ сөзінің шығу тарихы жайлы Ғ.Мұсабаев былай деп жазады. «Оқ сөзі о баста тарихқа дейінгі кезеңде түзу ағашқа (ұзын таяқ сияқты ағашқа) айтылған. Сондықтан арбаның астындағы ұзын ағашын да, жалғыз жетегін да оқ деп атаған. Уық та тік ұзын болғасын оқ атанып, бертін келе бірі оқ (мылтықтың), екінші уық (киіз үйдің) болып ажыратылған». [5;б.81]. Оқ әскери термині көпшілік туыстас түркі тілдерінде бір ұғымда, яғни «садақтың жібесі» мағынасында кездеседі. Ертеде садақтың оғы деп бір қарыстай ұзынша келген, қырналған, жанылған, сырланған түзу ағашты айтқан. Әскери техниканың дамуы, қару-жарақтың жаңа түрлерінің пайда болуымен оқ атауы мағыналық өзгерістерге ұшырады. Оқ дәрімен

атылатын қару-жарақтың қазақ жеріне келуімен екі түрлі атаумен атала бастады. Қарапайым соғыс қаруы - садақтың жебесін атау үшін оқ атауы бұрынғысынша сақталды. Ал бертін келе мылтықтан, зеңбіректен атылатын қоспа да оқ деп атала бастады. Бірақ бұлардың материалында, жасалу технологиясында үлкен айырмашылықтар бар.

Осы оқ сөзіне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің бірі - **оққа байлау**. Зерттеулерде бұл тіркестердің тіпті терминдік мәнге ие болғаны туралы да айтылады. Шәкәрімнің шежіресінде оққа байлау деп кінәлі адамды жазалаудың бір түрін айтқан. Кінәлі адамның екі қатар орналасқан садақшылардың жаңбырдай жауған жебелерінен нар тәуекелге салып, жауынгер атының көмегімен аман-есен құтылуы, не садақ оғынан мерт болуы оққа байлау деп аталған. Мәмбет байдың қызы Мамырды сүйгені үшін Қалқаман батырды Әнет баба сол кездің жарғысы бойынша жазаға (оққа байлауға) бұйырады. Осы оққа қатысты тағы бір тұрақты тіркес - **оқ тістеу**. Мысалы: *Екі батыр айдалада кездесіп, бірін-бірі ала алмаған соң, бізге не жетіспейді десімті де, оқ тістесіпті* (ҚТФС). Қазақтар ертеде ант бергенде Құран сүю, оқ тістеу, оның істік үшін басына тигізу сияқты әдет-ғұрыпты сақтаған. Жігіт пен оның қалыңдығы өздерінің махаббатының, ыстық ықыласының беріктігінің белгісі ретінде ант етіп, біріне-бірі орамалға оқ түйіп беретін болған.

Ертеде қазақтарда, қырғыздарда **оқ аттау** деген көне дәстүр болған. Тәнінде оғы бар жаралы жауынгердің үстінен адал, пәк, ару әйелді аттатқан. Ескі наным бойынша, әйел жарына адал жан болса, онда жаралы жауынгердің тәніндегі оқ түседі деп тұжырымдаған. (Қараңыз: Киргизко-русский словарь. М.1965, 80.) Яғни, оқ аттау дәстүрі бойынша білікті, көреген ата-бабаларымыз екі мәселені шешкен. Мұның бірі - ару әйел жаралы жауынгердің үстінен аттаса, оғы түсіп, жарасы жазылады деген санаға әсер ететін психологиялық әдіс болса, екіншісі жарына деген адал махаббат иесі, таза, пәк, ару саналған батырлардың жан жолдасы есептелетін жарын сынау. Міне, сондықтан да «Манас» жырында Манастың жары Айшөрекке, «Қаһар» романында Кенесарының жары Күнімжанға, оқ аттаудағы басты мақсат - батырлардың өмір серігі, жан жолдасының пәктігін, адалдығын паш ету, ардақтау.

Өткен ғасырларда адамның таптық, кәсіптік т.б. жағдайлары түрлі салт-дәстүрлермен, діни түсініктермен, қоғамдық ережелермен қатаң заңдастырылып қоятындықтан, шапанның бұл қызметіне ерекше мән беріліп отырды. Шапанның жалпы пішімі бірдей болғанымен, адамның элеуметтік тегіне, кәсібіне байланысты жеңі, етегі, жағасы, басқа да бөліктерінің пішімі өзгеріп отырды. Мысалы, үстем тап өкілдерінің шапаны ұзын жеңді, етегі жерге дейін жететін болып жасалады. Ерте кездерде хан, сұлтандардың киімдерінің етегі жерде сүйретіліп жүретіндей ұзын болған. Салтанат үшін оны көтеріп жүруге арнаулы адамдар тағайындалатын болған. Сол сияқты әр таптың өкілдерінің шапанына қолданылатын материалдар, олардың түсі, әшекейі әр түрлі болды. Шапанның пішімі, материалдары да адамның қоғамдағы орнын анықтайтын. Еңбек етпейтін үстем тап өкілдерінің сырт киімінің жеңі ұзын. Қазақ тілінде жасырын істі білдіретін **«Жең ұшынан жалғасу»** деген тұрақты тіркесі осындай ұзын жеңді шапан киетін үстем тап өкілдерінің жымысқа іс-әрекетін сипаттайды. **«Етек басты»**, **«етек басты болу»**, **«етегінен ұстады»** сияқты фразеологизмдердің шығуы осыған саяды.

Діни адамдар, ғұлама, ғалым адамдардың шапанының етегі, жеңі кең болып, мол қылып пішіледі. Қазақ тілінде сондықтан осындай рухани дүниесі бай, ақ жүректі, иманды, құдайға жақын адамдарға қатысты **«етек-жеңі кең»** адам, **«кең қолтық»** адам деген тіркестер қалыптасқан [6;б.4].

Тілралық фразеологизмдердің сәйкестігінің тағы бір белгісі - **этимологиялық ұқсастықтар – тарихи және генетикалық тұрғыдан ұқсас қалыптасу**. Біздіңше, мұның нақты дәлелі түркі тілдес халықтардың өткен өмір тарихы мен рухани-мәдени дүниесінен мәлімет беретін олардың ортақ фразеологизмдері деуге болады. Түркі тілдес халықтардың о бастағы тарихи және генетикалық бірлігі және кейінгі кездегі әр ұлттың дербес, жеке дамуы қалай болғанда да сақталып қалған ортақ образдылық пен тақырыптық ұқсастықтар жойылып кетпеген. Оған куә - күні бүгінге дейін түркі тілдерінде ортақ айтылып келе жатқан фразеологиялық тіркестер. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, ұйғыр, түркмен т.б. тілдерінде кездесетін ортақ фразеологизмдер мазмұны, тақырыбы мен жасалу жолдарындағы өзара сәйкестік бір ұғым, бір түсініктің туыстас тілдердегі бір образдылықпен негізделуі де олардың тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындығын көрсетеді.

Қазақ тілінде **«Қолтығына су бүрку»** фразеологизмі біреуді желіктіру, қайрау, біреуге қарсы айдап салу мағынасында қолданылады. Қазақтардың мәдени тіршілігін еске алсақ,

көш
т.б. у

арас
фраз
коро
тиги
ачуу
бүркі
ауыс
қазақ

сипат
құбы
өкілд
енді
мәден
сезінб
қатын
жеке
осынд
ерекш
мәден
нысан

ӘДЕБ

1 Қайд
2 Гаад

3 Буда
4 Иван
5 Мұса
6 Кенж
7 Эге

көшпеліліктен отырықшылыққа ауыса бастағанда қолданысқа кейін енген. Себебі, тауық, қораз т.б. үй құстарын өсіру, құс етін пайдалану кейінгі мәдени тіршіліктің үлгілері.

Түркілердің ішінде ертерек отырықшы болған өзбек, ұйғыр, түркмен, тәжіктер. Солардың арасында «Қораз төбелестіру», «бөдене төбелестіру» сияқты құмар ойындары болған. Қырғыз фразеологизмдерінің семантикасын зерттеген Р.Егембердиев былай дейді: «Урушка салынуучу короздун же бөденөнүн ээси алардын колтугуна муздак суудан удаа-удаа бүркүп, катуу силкип, тигил өнөгү тарапка ыргытат. Муздак суудан чочуган неме аны тигинден көрүп, ага каарданып, ачуусу келип, катуу кармашка чыгат экен». [17;б.186-187]. Сонда құс қолтығына салқын суды бүркіп-бүркіп, қайта төбелеске салған кездегі көрініс санада балама суретпен (ассоциациялану) ауыспалы мағынада адамдардың іс-әрекетіне қарата айтылып, бейнелілікке көшкен. Бертін келе, қазақ тілінің төл тіркесіне айналып кеткен.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың соңғы ширегі тіл арқылы адамды тану, оның тіршілігін сипаттау, этностың мәдениетін тану басты бағыт болды. Бүгінгі таңда, аса қатты байқалған құбылыс: белгілі бір ұлтқа ғана тән өзіндік ерекшеліктердің азайып бара жатқанын адамзат өкілдерінің мойындауы. Әрине, мұндай өзгерістер өмірдің бір саласында тым жылдам көрінсе, енді бір саласында баяу орын алуда. Сондықтан ғылымда «этникалық мәдениет» және «этнос мәдениеті» деген түсініктер қалыптасқан. Қазір жер бетінде басқа халықтар мәдениетінің әсерін сезінбеген этникалық қоғамдастықты табу мүмкін емес. Мұндай жағдай ұлтаралық қарым-қатынастардың тереңділігінен және жан-жақтылығынан байқалады. Өйткені әрбір ұлт өз бетінше жеке өмір сүре алмайды, олардың қазіргі тіршілігі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Әйтсе де, осындай сәтте адамзат бір-бірімен қандай керемет байланыста болса да, өзіндік этникалық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысады. Сондықтан зерттеушілердің назарын этнос мәдениетіндегі сол этносқа ғана тән болатын «этникалық мәдениет» деген түсінік тұсы ерекше нысан ретінде көңіл аудартады.

ӘДЕБИЕТ:

- 1 Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. -304 б.
- 2 Гаадамба Ш. Монголын нууц товчоо монгол аман зохиолд холбочдах асуудалд // Нуиц товчооны нууцас (УБ, 124-127).
- 3 Будагов Р.А. Филология и культура. М., 1980.-504 с.
- 4 Иванин М. О военном искусстве при Чингисхане и Тамерлане. 2-е. Изд. Алматы: "Санат", 1998.-240 б.
- 5 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. Алматы: 1966.-145 б.
- 6 Кенжеахметұлы З. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы: Санат, 1998.-256 б.
- 7 Эгембердиев Р. Кыргыз тилиндеги фразеологизмдердин семантикасы жана лексикографияланышы. Кыргыз тили адистиги боюнча жазылган докторлук диссертация. Бишкек-2011.-318 б.